

ЛЕНИН ТУЫ

ҚКП СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ
ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ ЖӘНЕ ҚКП ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

№ 249 (9311) | 1953 жылғы 20 декабрь Жексенбі

Шығуына 34 жыл
жеке саны 20 тыйын.

Колхоздардың жылдық есебі

1953 шаруашылық жылы аяқталып келеді. Коммунистік партия мен Совет Үкіметінің социалистік ауыл шаруашылығын оған әрі өркендете беру жөніндегі жаңа қамқорлығымен жігерленген облысымыздың ауыл шаруашылығы еңбекшілері бұл жылды зор табыстармен аяқтағалы отыр.

Әресе, колхоз құрылысының негізгі заңы — ауылшаруашылық артелі Уставының принциптері толық сақталған, еңбек тәртібі мейлінше нығайтылған, кәсіргі заманның жаңа қуатты техникасының

барынша толық пайдалануды шешуі ұйымдастырған және ғылым мен озат жрибелердің табысын өндіріске үздіксіз енгізіп отырған колхоздардың табыстары айта қаларлықтай. Мәселен, өткен жылы жылдық табыс Преснов ауданындағы Молотов атындағы колхозда 550 мың сом, Соколов ауданындағы «Победа» колхозында 900 мың сом болса, олардың бйылығы жылдық табыстары 1 миллион сомнан ады. Егіншілік мәдениетін, мал шаруашылығы өнімдерін, картоп пен ояц өнімдерін арттыру жолындағы күресте мұндай елеулі табыстарға ие болып отырған басқа да озат шаруашылықтарды атап өтуге болады.

Облысымызда ауыл шаруашылығының барлық салаларында қол жеткен табыстар еліміздің халқының азық-түлік товарларымен қамтамасыз етілуін мықтап арттыруға өз үлесін қосып отыр. Онымен бірге, бұл табыстар колхозшылардың материалдық және мәдени дәрежесін бұрынғыдан да гөрі көтере түсті. Бұл заңды да. Өйткені, елімізде социалистік өндірісті өркендетудің мақсаты, Коммунистік партияның XIX съезіндегі баиядамасында Г. М. Маленков жолдастың айтқанындай, «қоғамның үнемі өсіп отыратын материалдық және мәдени тілектерін барынша толық қанағаттандыруды қамтамасыз ету болып табылады».

Біздің шаруашылықтағы табыстарымыз қаншалықты зор болса да, оған қанағаттануға болмайды. Міне, сондықтан да шаруашылық жылы толық аяқталып отырғанда, әрбір колхоз, өздерінің бір жылдық жұмысының қорытындысын шығару ісіне өте мұқият және сын көзімен қараулары тиіс. Колхоздарда жылдық

рын басқаруына талдау жасау, колхоздың барлық мүлкіне есеп жүргізу, бухгалтерлік есеп-қысап документтерді дұрыстау жұмыстарының 1954 жылдың январь айы ішінде толық аяқталуы тиіс. Сөйтіп, есеп беру және есеп беру-сайлау жыйналыстары 1 мартқа дейін облыстың барлық колхоздарында өткізілетін болуы керек. Бұл жұмыстарды орындауға колхоздарда тексеру комиссияларымен бірге, арнаулы мүлік хаттау комиссиялары құрылып, олардың жұмыс істеуіне толық жағдай жасалуы қажет.

Мүлік хаттау комиссиясының құрамын колхоз басқармасы тағайындайды. Бұл комиссияның председателі болып колхоз председателі тағайындалады. Сол сыяқты, комиссияның құрамына колхоздың есепшісі (бухгалтері) енгізіледі. Бірақ, мүлік хаттау комиссиясының құрамына колхоздың тексеру комиссиясының мүшелерін енгізуге болмайды. Кейбір колхоздарда өткен жылы бұл тәртіп бұзылып, тексеру комиссиясының мүшелері мүлік хаттау комиссиясының құрамына енгізілді. Бұл жағдайды бйып қайталамауға көңіл аудару қажет.

Мүлік хаттау комиссиялары колхоздың қоғамдық мүлкін есепке алғанда олардың кейбіреуін пайдалануға жарамсыз деп орынсыз шығарып тастай салумен әуестенушілік фактілері де кездесіп келгенін айта кетуіміз керек. Ал, тексеру комиссиялары іске мұндай жеңіл-желпі қараумен келісімшарт жасап келді. Кейде осы екі комиссияның мүшелері де жарамсыздықтан есептен шығаруға деп талқан мүліктердің тағайындалған пайдалану жерінің толық өткен-өтпегеніне назар аудармады. Мүліктің тағайындалған мерзімі өтпін-ақ пайдаланудан шығып қалуына, бүлдінуіне кімдер жауапты екенін де анықтаманды. Мәселен, Булаев ауданындағы Коминтерн атындағы колхоздың тексеру комиссиясы 1952 жылғы жылдық тексеру кезінде 22 мың сомның мүлкін пайдалануға «жарамсыз» деп тапты. Жарамсыз делінген мүліктердің ішінде бір мезгілде сатылып алынған 18 плугтен 9 плуг және 6 лобогрейка бар. Осы аудандағы Карл Маркс атындағы колхозда 18 мың сомның мүлкі есептен шығарылған. Олардың ішінде 10 шөп машинасы, 8 ат тырнағы және басқа құралы

Солтүстік Қазақстанда мал қыстату олқылыққа ұшырап отыр

Республикамыздың басқа аудандары сыяқты бйып Солтүстік Қазақстан облысында да ауа райы ерте суытты. Қысқа күні бұрын қам жасап, тыңғылықты әзірлік жүргізген алдыңғы қатарлы колхоздар мен совхоздар мал шаруашылығындағы бұл жауапты кезеңді алғашқы күннен ойдағыдай ұйымдастырып келеді. Петропавл ауданының «Луч Ленина» ауылшаруашылық артелиде қоғамдық мал жеткілікті жемшөптен, жылы және жайлы қоралармен толық қамтамасыз етілген. Дайындалған пішеннің көбі қыстаулардың маңына тасылып алынған. Колхозда малды сумен жабдықтау ісі жақсы жолға қойылған. Жемшөп жеткілікті дайындалған болса тұрса да, колхоз басқармасы оны үнемдеп жұмсау тәртібін белгіледі. Мұның өзі қыс ұзаққа созыла қалған күннің өзінде жемшөптің таусылып қалу қаупін болдырмайды. Артель фермалары іскер, тәжірибелі қызметкерлермен толықтырылған.

Мал қыстату жұмысын тыңғылықты әзірлікпен қарсы алып, оны алғашқы күннен бастап дұрыс ұйымдастырып отырған мұндай шаруашылықтар облыстың басқа аудандарында да бар. Бірақ, мұндай колхоздар облыста көп емес. Мұнда тұтас алғанда мал қыстату сыяқты аса жауапты жұмыс ойдағыдай ұйымдастырылмай отыр. Көп колхоздарда қысқа әзірлік нашар жүргізілді. Облыс жемшөп дайындау жөнінде белгіленген жоспарды толық орындай алмады.

Октябрь — облыстағы малшаруашылықты ауданның бірінен саналады. Мұнда мал шаруашылығын өркендету үшін қажетті жағдайлар жеткілікті. Ауданның шабындық және жайылымдық жерлері мол. МТС-тер мен колхоздар материалдық-техникалық жағынан тиісінше жабдықталған. Бірақ, ауданның партия, совет және ауылшаруашылық органдары, колхоздар мен МТС басшылары осы бай мүмкіншіліктердің толық іске қосылып, дұрыс пайдаланылуын қамтамасыз етпеді. Аудан бойынша жемшөп дайындау жоспары жартылай ғана орындалды. Оның үстіне бірсыпыра колхоздарда дайындалған жемшөпті ұқыптылықпен пайдалану ісіне көңіл бөлінбей отыр. Ауданда барлық дайындалған жемшөптің үштен бірі әлі күнге дейін мал қыстатылатын жерлерге тасылып алынбаған. Бірсыпыра колхоздардың қоғамдық малы жылы және жайлы

Мал шаруашылығын өркендетудің 1954 жылға белгіленген мемлекеттік жоспарын орындаудың шешуші шарты — қолда бар жемшөпті ұқыпты сақтау және дұрыс пайдалану, сол сыяқты, малды бағу және жемдеу жұмысын ойдағыдай ұйымдастыру болып табылады. Бұл — мал шаруашылығы қызметкерлерінің, әсіресе, мал қыстату кезіндегі ең негізгі міндеті.

қоралармен қамтамасыз етілген жоқ. Мұның бір мысалы ретінде Жамбыл атындағы ауылшаруашылық артелін айтуға болады. Колхоз малға керекті жемшөпті толық дайындап ала алмады. Жағдай осылай болған соң, колхоз басқармасы дайындалған пішенді деркөзінде және ысырапсыз тасып алуды, оны қыстың алғашқы күнінен бастап үнемдеп жұмсауды ұйымдастыруы керек еді. Ал, істің кәсіргі жайы бұған мүлдем керісінше болып отыр. Артельдің дайындаған пішенінің көпшілігі шабындықтарда жатыр. Малды азықтандыру, бағып-күту жұмыстары зоотехникалық ережелерге сай жүргізілмейді. Жемшөп үнемделіп жұмсалмайды, малға алдын-ала әзірленіп берілмейді. Осының салдарынан мұнда жемшөптің ысыраққа ұшырауына жол беріліп келеді.

Жұмысты ұйымдастырудағы осы кемшіліктер «Смычка» колхозында да орын алуда. Мұнда да тиісті жемшөп қоры жасалыпбады. Оның үстіне дайындалған пішеннің едәуір бөлігі уақтылы жыйналып алынбай қар астында қалып қойған. Колхоз басшылары егіннің сабан-топанын жыйнауудың қажеттілігін мүлдем ескермеген. Фермаларда пішен малға күнделікті тасылып беріліп тұрады. Соның салдарынан мұнда ауа райы қатты суық болған күндері қоғамдық малдың жемшөпсіз қалу қаупі де кездеседі. Колхоз басқармасы фермаларды қолынан іс келетін колхозшылар есебінен толықтыруды ескермеген. Малшылар арасында еңбек ұйымдастыру ісінің дәрежесі төмен.

Колхоздарда мал қыстатуды ұйымдастыру ісіндегі мұндай кемшіліктерді ауданның басшылары біле ме? Әрине, бұл оларға көптен бері-ақ белгілі. Бірақ, олар «жауырды жаба тоқып» жүре беруді, кемшіліктерге көңіл қоймауды жөн көреді. Аудандық партия комитеті мен атқару комитетіне колхоздарда жемшөпті пайдалану ісінің дұрыс ұйымдастырылмай отырғандығы, жемшөптің талан-таражға салынып, оның бей-берекет жұмсалатыны жөнінде көптеген дабылдар түскен еді. Бірақ, бұл дабылдарға аудандық партия комитеті де, атқару комитеті де дер кезінде құлақ асып, тиісті қорытынды шығармады.

Жемшөпті ұқыптан жұмсауда, үнемдеп пайдалануда, жемшөптің жұғымдылығын арттыруда оны малға алдын-ала әзірлеп, өңдеп берудің үлкен маңызы бар екені

мәлім. Не пайда, облыстың көп колхоздарында мал қыстатуды үлгілі өткізудің осындай аса маңызды шартына дұрыс көңіл бөлінбей келеді. Бұл мәні бермеушілік, әсіресе, Ленин ауданының көп колхоздарында орын алып отыр. Ауданның колхоздарында жемшөпті малға алдын-ала әзірлеп беру ісі ұйымдастырылмаған. Тамыржестер малға сол күйінде беріледі, егіннің сабаны мен топаны буланып, баяталмайды. Мұның аяғы жемшөптің ысыраққа ұшырауына, жұғымдылығы кемуге әкеліп соғуда. Аудан колхоздарында осындай тиімді шараның жүзеге асырылмай отыруының себебі неде? Өлде, мұнда бұған мүмкіншілік жоқ па? Мұның себебі мынада: колхоздардың басшылары механизм күшін пайдаланудан гөрі, малды азықтандырудың және бағып-күтудің ескі әдістерін қолдануды өздеріне оңай деп есептейді. Ал, бұған МТС, аудан басшылары төзіп отыра береді. Атап айтқанда, Ильич атындағы және Пушкин атындағы МТС-терде жем ұнтақтайтын, шөп турайтын машиналар іске қосылмаған.

Облыстың МТС-тері шабындықтарда жатқан пішенді мал қораларына тасу жөнінде колхоздарға тиісінше көмек көрсетпейді. МТС директорлары мен колхоз председателдерінің бейқамдығы салдарынан облыста мың гектарға жуық жердің пішені маяланбай қар астында қалған. Облыс бойынша дайындалған барлық пішеннің мал қораларының маңына тасылып алынғаны 30 процент мөлшерінен аспайды.

Мал қыстату сыяқты аса жауапты жұмысқа облыстың ауыл шаруашылығы басқармасы тарапынан жеткілікті басшылық болмай отырғанын атап айту керек. Басқарма қызметкерлері жергілікті жерлердегі нақты жағдайды жетік білмейді. Олар өздерінің көп уақытын кабинетте отырып, телефон арқылы мәлімет жыйнаумен өткізеді.

Ал, істің жайын жақсы білмейінше оғал дұрыс басшылық етуге болмайтыны да жұртқа мәлім.

С. БЕЙСЕНБАЕВ.

(«Социалистік Қазақстанның» тілшісі).

Петропавл.

(«Социалистік Қазақстан», 15 декабрь).

Облыс кәсіпорындарында

МТС-ке көмек

Вагон жөндеу депосының коллективі Подушень ауданындағы Ново-Георгиев МТС-ін қамқорлыққа алғанына аз ғана уақыт өтті. Осы мерзім ішінде депо коллективі МТС-ке едәуір көмек көрсетті. Механизаторлардың қажетін ескере отырып, депо МТС-ке бұрғылау станоктары үшін патрондар, ондаған гайкалар, кілт, бұранда жасайтын құрал-саймандар, слесарь балгаларын жасап, елу ара егеп берді.

Жуыр арада депо МТС-ке 300 килограмм жоғары сапалы болат пен ұста цехы үшін вентиляция жібермекші.

Өздерінің қамқорлығына алған МТС механизаторларына вагоншылар бұдан былай да көмекті күшейте береді. Олар көптемі егіс жұмыстары басталғанға дейін құрал-саймандар сақтайтын жәшіктер жасап беруге ұйғарып отыр. Бұдан басқа МТС деподан 500 килограмм қаңылтыр, жүзге жуық шелек пен жанар май құятын воронкалар алады.

Вагоншылар мұнымен ғана тынбай, механизаторларға мәдени, үгіт-бұқаралық жұмысын жүргізу жөнінде де көмек көрсетеді.

Депо коллективі өздері қамқорлыққа алған МТС-ке мұндай көмекті алдағы уақытта да күшейте бермек.

Б. ОСПАНОВ.

Таңдаулы цех

Петропавлдағы «Молот» кәсіпшілік артелинің құю цехының коллективі жылдық жоспарды мерзімінен бұрын орындау жолындағы социалистік жарысты кеңінен өрістетудің нәтижесінде айдан-айға өндірістік табыстарға жетуде.

Өндіріс мүмкіншіліктерін толық пайдаланып, құюшылар 11 айлық жоспарды мерзімінен бұрын 122 процент орындады. Сонымен бірге, олар 150 килограмм алюминий және басқа материалдар үнемдеді.

Құю цехының коллективі үстіміздегі айда да игілі табыстарға жетуде. Коллектив осы айда аяққим фабрикалары үшін қалып шығаруда тапсырманы асыра орындап келеді. Цех жоспар бойынша 10 мың қалып шығаруға тиіс болса, ол кәсірдің өзінде 7 мыңға жуық қалып шығарған.

Цех коллективі еңбек өнімділігін арттыру жолындағы күресті күшейтіп, жыл

қорытындыларды сын тұрғысынан бағалаудың маңызы зор екендігін колхоз құрылысының көп жылдық тәжірибесі дәлелдеп берді.

Қазір облыс колхоздары бір жыл ішінде істеген жұмыстарының қорытындыларын шығаруға және колхоз шаруашылығын бұдан былай да жан-жақты өркендету берудің нақтылы шараларын белгілеуге әзірленуде. Жақында, Ленин, Булаев және Петропавл аудандарының орталықтарында облыстың барлық колхоздарының есепшілерінің, тексеру комиссиясы председателдерінің, МТС-тердің нұсқаушы-бухгалтерлерінің үшкүндік ауданаралық семинар-кеңестері өткізілді. Оларда колхозды тексеру, қоғамдық мүліктерді хаттауды жүргізу, жылдық есептерді жасауға әзірлену, есеп беру және есеп беру-сайлау жыйналыстарын өткізу тәртібі жөнінде мәселелер қаралып, нақты шаралар белгіленді.

Өткен жылдары кейбір колхоздарда жылдық есепті жасау тек колхоз есепшісінің жұмысы деп жеңіл-желпі қараушылық фактілері кездесті. Әрине, бұл дұрыс емес. Өйткені, жылдық есепте артельдің бүкіл бір жыл ішіндегі істеген жұмысы, колхоз өндірісі салаларының күші ті және осал жақтары көрсетіледі. Сондықтан жылдық қорытынды есепті шығаруға бірлік жұмыстарын жүргізуге, жылдық есепті жасауға колхоздың активтері мен барлық колхозшылар түгел қатысуы керек.

Әрбір колхоздың шаруашылық жұмыстары мемлекеттік жоспар бойынша жүргізілетіндігі мәлім. Олай болса, жылдық есепті жасағанда, жылдық жоспардың шаруашылықтың барлық салаларына орындалуын, колхоздың мемлекет алдындағы борышын толық өтеуін мұқият тексеру қажет.

Өткен жылы кейбір колхоздар жылдық қорытынды есептерді жасау жұмысын өте ұзаққа созды. Соның салдарынан есеп-беру және есеп беру-сайлау жыйналыстары белгіленген мерзімнен едәуір кеш өткізілді. Быыл бұл кемшіліктерді қайталамау үшін жылдық есепті жасау, табысты беру, колхоз басқармасының жыл ішіндегі финансы шаруашылық жұмыста-

ры шаруашылық машиналары болған. Колхоздағы ауылшаруашылық машиналарының, құрал-саймандардың, тасымалдау құралдарының, тағы басқа мүліктердің бүлнуіне себепші болған жағдайларды анықтамастан оларды есептен шығарып тастау колхоздың шаруашылығына өте зиянды. Сондықтан бйылғы шаруашылық жылдың аяғындағы қорытынды тексерістерде тексеру комиссиялары мұндай жағдайларды болдырмауға міндетті.

Жылдық есеп—колхоздың есепші-бухгалтерлерінің жұмысына үлкен сын. Олай болса, колхоз есепшілері, бухгалтерлері есеп-қыйсап документтерін, колхозшылардың колхозға бөренештері мен алашақтары жөніндегі есепті, колхоздың мемлекетпен, мекемелермен және жеке адамдармен есеп айырысуы жөніндегі документтерді қайта қарап, оларды дұрыстауға міндетті.

Колхоздарда жылдық есепті жасау, есеп беру және есеп беру-сайлау жыйналыстарын өткізу жөнінде МТС басшылары мен мамандарының алдында да үлкен міндет тұр. Бұл міндеттерді ойдағыдай орындау үшін олар МТС қамтуындағы колхоздарда жылдық есеп жасау жұмысына тікелей қатысулары керек. Колхоздарда жылдық есеп жасалып болғанынан кейін оларды МТС директорлары қарауға тиіс. Тек содан кейін ғана жылдық есеп аудандық Совет атқару комитеттерінің бекітуіне ұсынылады.

Колхоздарда есеп беру және есеп беру-сайлау жыйналыстарын кезінде, әрі жоғары дәрежеде өткізу колхоз басқармаларының басшылық етуіне дұрыс қорытынды жасауға, сөйтіп, колхозды ұйымдық шаруашылық жағынан бұдан былай да нығайта берудің нақтылы шараларын белгілеуге жағдай жасайды, колхоз шаруашылығының барлық салаларын СОБН Орталық Комитетінің сентябрь Пленумы қойған талаптарға сай өркендетуге барлық мүмкіншіліктерді пайдаланудың нақтылы шараларын белгілеуге көмектеседі. Олай болса, жылдық есеп жасау, есеп беру және есеп беру-сайлау жыйналыстарын өткізуді үлгілі ұйымдастыру—аса жауапты міндет.

Оңай балқыйтын саздан жасалған құрылыс материалдары

ГУРЬЕВ. (КазТАГ). «Казхстаннеф-тестрой» тресі оңай балқыйтын саздан құрылыс материалдарын жасайтын агрегатты монтаждауды аяқтады. Ол агрегат алғашқы өнім берді.

Құрылыс материалдары ретінде облыста қоры өте көп, оңай балқыйтын сазды пайдалану әдісін трестің инженерлері Алексей Андрейчик пен Константин Афанасьев, Қазақ ССР Ғылым академиясының Урал-Ембі ғылыми зерттеу базасының қызметкері Сергей Мищеряков ойлап тапты. Саздың балқу температурасын төмендету үшін өте аз мөлшерде руда қосылады.

Агрегат вагранкадан, сақтағыштан және күйдіру камерасынан құралған. Ол

әрбір сменада ауданы 47х40 сантиметр 800 тротуарлық плита немесе осындай мөлшерде қабырғаға қаланатын тор көзді блок, бедерлі плиталар шығара алады. Оңай балқыйтын саздан істелген керамикалық блоктар тесік-тесік болғандықтан жылу және дыбыс өткізбейді. Олар кірпіштің тандаулы сорттарынан әлдеқайда берік, жеңіл және жақсы боялады. Үй төбесінің осындай плиталардан істелген жиегі қабырғаға су өткізбейді, бұл өте пайдалы, өйткені суда қабырғаны мүжіп тоздыратын тұздар болады.

Гурьев инженерлерінің ұсынысын Бүкілодақтық «Стройнефть» ғылыми зерттеу институты мақұлдады.

Қоғамдық мал қамы

Соколов ауданының Молотов атындағы ауылшаруашылық артелиінде қоғамдық малды бағып, күту, ісі жақсы жоюға қойылған. Мұнда 3100 бас сиыр малы бар. Олардың барлығы да жайлы қораларға орналастырылған.

Колхозшылардың мақсаты — кәзіргі күннің жылы және қардың жұқа кезінде барлық жемшөпті тасып алу. Осындай игілікті іске жұмыла отырып, олар 6 мың центнерден астам жемшөпті қораларға тасып әкелді.

Колхоз мал өсірушілері қоғамдық малды қыстан күйлі әрі шығынсыз алып шығу жолында күресті күшейте түсуде. **М. ГАЙНОВ.**

ҚАРАРЛАРДЫҢ ОРЫНДАЛУЫ ҮНЕМІ ТЕКСЕРІЛСІН

Партия қарарларының орындалуын тексеруді үнемі және дұрыс жүргізу партия басшылығының аса маңызды талабы болып табылады. Істің орындалуын тексеру партиялық және мемлекеттік тәртіпті нығайтуға, бұқараның творчестволық инициативасы мен өз бастамасын өрістетуге, кадрларды танырылған жұмысқа жоғары жауапкершілік рухында тәрбиелеуге көмектеседі. Істің орындалуын тексеруді жақсы және іскерлікпен жүргізбейінше, кемшіліктерді мезгілінде ашып, жоюға болмайды.

Кәзір, партия мен үкмет ауыл шаруашылығын онан әрі өркендету, халық тұтынатын товарлар өндірісін ұлғайту жөнінде зор шараларды жүзеге асырып отырған кезде, істің орындалуын үнемі тексерудің ерекше зор маңызы бар. Міне, сондықтан да бұл күндері бірқатар облыстар мен республикаларда өткізіліп жатқан қалалық және аудандық партия конференцияларының бүкіл басшылық системасында істің орындалуын бақылауды және тексеруді жақсартуға ерекше көңіл бөліп отырғаны табиғи нәрсе. Көптеген партия және совет органдарының істің мүдделерінен анағұрлым асып түсетін әртүрлі қарарлар мен директивалар басып шығаратыны, ал, соның өзінде ең басты міндетке — істің орындалуын ұйымдастыруға жеткілікті көңіл бөлмейтіні конференцияларда атап көрсетілуде. Істің орындалуын тексермеу — совет, шаруашылық және партия ұйымдарының практикалық жұмысындағы өте көп таралған және терең тамыр жайған кемшіліктердің бірі.

Колхоз аудандық партия конференциясының делегаттары (Солтүстік Қазақстан облысы) аудандық комитеттің өз жұмысын СОБН Орталық Комитетінің сентябрь Пленумының талаптарына сәйкес әлі күнге қайта құрмағанын айтты. Быылғы жылы аудандық комитеттің бюросы ауыл шаруашылығы жөнінде 50-ден аса мәселе талқылап, әрбір мәселе бойынша тиісті қарарлар қабылдаған. Бірақ, МТС-тер мен колхоздардың жұмысына күнбе-күн басшылық ету ісі әлі де нашар болып отыр. Мұның себебі неліктен? Мұның себебі — аудандық комитет және оның секретарьлары Макаров пен Қаскеев жолдастар қабылданған қарарлардың іс жүзінде орындалуын ұйымдастырмаған,

Мал күшімін жақсарта бермек

Преснов ауданындағы «Жизнь» ауылшаруашылық артелинің мүшелері қоғамдық малды қолда бағу ісін ойдағыдай ұйымдастырған. Мал кең, таза және жылы қораларға орналастырылып, бүкіл қысқа жетерлік азықпен қамтамасыз етілді.

Колхозшылар кәзіргі уақытта негізгі назарларын барлық дайындалған жемшөпті мал қыстайтын орындарға тасып алу жұмысына аударуда. Бұл жөнінде, әсіресе, бірінші бригаданың мүшелері алда келеді. Олар мүмкіншіліктерді орынды пайдалану арқасында 7 мың центнерден астам жемшөпті тасып алды. Бригада мүшелері Ба-

шенов, Виноградов, Губерт жолдастар шөп тасуда күніне екі-үш рет оралып, жоғары еңбек үлгісін көрсетіп жүр.

Артель басшылары зоотехниктермен бірлесе отырып, фермалардағы тәуліктік жұмсалатын азықтың рационалын ерте бастап белгілеп, оның орындалуына бақылау жасап отырады. Малға азық күнбе-күн нормаға сәйкестендіріліп, өлшеніп беріледі.

Малшылар қол жеткен табыстарды баянды ете отырып, бұдан былай да мал шаруашылығын өркендетуде жақсы жетістіктерге жете бермек.

Б. ДОСЫМЖАНОВ.

ақыл айтып көмектесуде, түзетуге болмайтындарды жазалауда, сөйтіп, қабылданған қарардың орындалуына жетуде, тәжірибені зерттеп, соның негізінде алға қойылған міндеттің неғұрлым дұрыс, тиімді, үнемді шешілуін қамтамасыз етуде.

Қандай шараның болса да табысқа жетуі адамдарға, кадрларға байланысты екені жұртқа мәлім. Үлкенді-кішілі жұмысты дәл орындауға жеке жауапкершілік белгіленгенде ғана, нақты орындаушылар белгіленіп, оларға нұсқау берілгенде ғана істің орындалуын тексеру мақсатқа жеткізеді. В. И. Ленин барлық жұмыстың түйіні — адамдарды іріктеп алуда және істің орындалуын тексеруде деп атап көрсеткен болатын. Партия басшысы жер-жерде не болып жатқанын білуге міндетті, істің орындалуына өзі араласып, оның барысына тікелей ықпал жасау — тексерудің тиімді болуының ең жақсы кешілі.

Партия ұйымдарының ауыл шаруашылығын өркендету жөнінде белгіленген шараларды жүзеге асыруына көмектеспейтін және өз жұмысын тек мәжілістер өткізумен бастап, қарарлар қабылдаумен ғана тындыратын партия басшылары партия конференцияларында қатты сыналуда. Латыш ССР-нің Алек ауданы коммунистерінің есеп беру-сайлау жыйналысында былай деп көрсетілді: аудандық комитеттің қызметкерлері ауыл шаруашылығына басшылық ету жөніндегі жұмысын көп жағдайда телефон арқылы сөйлесумен, колхоздарда аз ғана уақыт болумен, әртүрлі мәліметтер жыйнаумен тындырады. Ал, жергілікті жерде партия ұйымдарына тікелей практикалық көмек көрсету жұмысы ескерілмей, екінші кезекке қалдырылады.

Істің орындалуын тексеру кадрларды іріктеп алудағы кемшіліктерді жоюмен тығыз байланысты. Партия орындары тексерудің нәтижелеріне сәйкес нашар, артта қалған және қиянатшыл қызметкерлерді орынан түсіріп, олардың орнына жақсы адамдарды қоя алады. Тәжірибе мынаны көрсетеді: егер жер-жерде жақсы орындаушылар, қолынан іс келетін ұйымдастырушылар болмаса, ешқандай директива, қаншама жақсы және егжей-тегжейіне жете жасала тұрса да, жұмысқа қажетті ықпалын тигізбейді.

Істің орындалуын тексерумен қатар өзара сын мен төменнен болатын сын өрістетілгенде ғана, еңбекшілердің қалың бұқарасы, партия, кәсіподақ және комсомол ұйымдары, жергілікті Советтердің ак-

тиві бақылау ісіне қатыстырылғанда ғана істің орындалуын тексеру жақсы нәтижелер береді. Істің орындалуын жоғарыда тексеруді төменнен, партияда бар және партияда жоқ бұқара тарапынан болатын тексерумен ұштастырғанда ғана жұмыстың кемшіліктерді жоюды, партия мен үкметтің директиваларын, жергілікті партия және совет органдарының қарарларын мезгілінде және дәл орындауды қамтамасыз етуге болады. Істің орындалуын тексеруді партия қойып отырған талаптардың дәрежесіне көтеру — партия органдары қызметкерлерінің жергілікті жерлермен, қалың бұқарамен жанды байланысын нығайту деген сөз.

Бірақ, мынадай фактілер кездесіп жүр: партия қызметкерлері істің орындалуын тексеруді үстірт, бұқарадан қол үзіп жүргізеді, өмірді шын мәнісінде зерттемейді, істің жайына терең зер салмайды, сөйтіп, бақылау жұмысын формальдық тексерумен, үлкенді-кішілі кемшіліктерді әншейін қорытып шығумен тындырады. Ленинград облысы, Паша аудандық партия комитетінің пленумында ауданның басшылары колхоздардың қоғамдық шаруашылығын нығайту шараларын орындауды өздері ұйымдастырмай отырғаны, бастауыш партия ұйымдарымен байланысының нашарлығы үшін, адамдармен, кадрлармен жанды жұмыс істеуді салақсытқаны үшін сыналды.

Істің орындалуын шын мәнісінде тексеру — бұл өз бетімен жіберуге тәзбейтін, жанды, творчестволық іс. Қарардың орындалуын бақылауға алу дегеніміз — оны жүзеге асыру жөнінде күнбе-күн ұйымдастыру жұмысын жүргізу, басталған істі дәйектілікпен, қадам басқан сайын аяқтап шығу деген сөз. Басшы органдардың директиваларын орындауға теріс ниетпен, жауансыз қарау бюрократизмнің ең қауіпті және зұлымдық көрінісі болып табылады.

Ауыл шаруашылығын өркендетудің, көпшілік тұтынатын товарлар өндірісін ұлғайтудың бүкілхалықтық жаңа міндеттері қойылып отырғанында совет қоғамының ұйымдастырушы және демберуші күші — Коммунистік партия өзінің әрбір ұйымына, әрбір коммунистке жеке-жеке қоятын талаптарын күшейтуде. Партия мен үкметтің директиваларын орындауды жақсы, жан-жақты, зор жауапкершілікпен тексеріп отыру — барлық партия және совет органдарының аса маңызды міндеті.

(«Правданың» 18 декабрьдегі басмақаласы).

1954 жылдың есебіне

«Главмуканыч» Петропавл завод басқармасының диірмендері үн үгуді ұлғайту жолындағы социалистік жарысты кеңінен өрістетуде.

Социалистік жарыста № 11 үн заводының коллективі үздік азда келеді. Завод үн үгудің жылдық жоспарын 11 ай ішінде толық орындап шықты. Бұл күндері завод коллективі 1954 жылдың есебіне өнім беруде.

Қ. АҚЫШОВ.

Т. МҰҚАШОВ.

Мектептерде оқу-тәрбие жұмыстарының сапасы жоғары болсын

Мектептерде оқу жылының бірінші жартысы аяқталуға жуық. Партияның XIX съезінің қарарларымен және СОКП Орталық Комитеті сентябрь Пленумының қаулысымен қаралған халық ағарту қызметкерлері және мұғалімдер облыс партия, совет ұйымдарының басшылығы мен көмегіне сүйене отырып, оқу жылының алғашқы жартысында халық ағарту саласында партияның алға қойған міндеттерін орындауда айтарлықтай табыстарға ие болды.

Ең алдымен, облыс мектептері бйылғы оқу жылына жақсы әзірлікпен кірісті. Мектептер педагогикалық училищелер мен жоғарғы оқу орындарын бітірген оқытушы кадрлармен толықтырылды. Сол сияқты, мектептердің оқу-материалдық базалары едәуір жақсартылды.

Оқу жылының өткен айлары ішінде партия, совет ұйымдары, мектептердің коллективтері жалпыға бірдей оқу заңын орындау жөнінде де бірқатар табыстарға ие болды. Совет, Соколов, Полуень аудандарында оқу жасындағы балалар мектепке түгел тартылды.

Үстіміздегі жылы V-VII кластардың, әсіресе, VIII-X кластардың оқушыларының саны көбейді. Қала мектептері жалпыға бірдей онжылдық оқуды жүзеге асыруға кірісті. Сол сияқты, оқытушыларымыз жастарға политехникалық білім беру ісін жоспарлы түрде жүргізіп келеді.

Алайда, мектептер мен халық ағарту орындарының жұмысында бірқатар елеулі кемшіліктерге де жол беріліп келеді. Облыс мектептерін тұтас алғанда оқу жасындағы жасөспірімдер мектепке түгел тартылмады. Сөйтіп, оқу жылының басында ешбір себепсіз 150-ден астам оқушы мектептен тыс қалып қойды. Әсіресе, Мамлют, Конохов аудандарында өткен жылдардағы сияқты бйыл да көптеген оқушылар оқуға тартылмады. Ал, оқу заңын орындаған бірқатар аудандардың өзінде, бұл маңызды жұмысқа жете мән берілмегендіктен, көптеген оқушылардың оқудан қол үзіп кетіп қалуына жол берілді. Тек Октябрь ауданында ғана бірінші тоқсанда 65 оқушы, оның ішінде екі қазақ қызы, Преснов ауданында 63 оқушы, Ленин ауданында 57 оқушы, оның ішінде 5 қазақ қызы оқуды тастап кетіп қалды.

Оқуды нашар үлгеріп жүрген оқушыларға көмектесу, мұқтаж оқушыларға жалпыға бірдей оқу қорынан жәрдем көрсету, оқушыларды мектепке келіп жеткізіп тұру сияқты шаралар толық жүзеге асырылмай отыр. Көптеген ауыл-селолық Советтер жалпыға бірдей оқу заңын мүлтіксіз орындау жөніндегі жұмыстан мүлдем қол үзіп кеткен.

Мектептер мен мұғалімдердің жұмысындағы ең негізгі кемшілік сол — оқушыларды оқыту және тәрбиелеу сапасы әлі күнге қанағаттанғысыз болып отыр. Соның салдарынан көптеген оқушылар терең және тұрақты білім ала алмай

★
И. МИТРОФАНОВ,
ҚКП обкомнің мектептер бөлімінің меңгерушісі

★
асырылмай жүр. Оқытушылардың көпшілігі, әсіресе, селолық мектептердің бастауыш кластарының оқытушылары оқушыларға орыс тілін оқытқанда кесінді әріптермен жұмыс істеуді жете бағаламайды, әліппені оқытып болғаннан кейін сөздерді бұйың бөліп және бір сөйлемді тұтас оқытып үйрету жұмысын тоқтатып тастайды. Кейбір оқытушылар оқушыларды есту бойынша жазғызып үйретуді көш бастайды. Ал, жоғарғы класс оқушыларымен жаттығу жұмыстары өте аз жүргізіледі.

Кейбір мұғалімдердің оқушылармен, әсіресе, оқуды үлгере алмайтын оқушылармен жеке жұмыс істеуді қанағаттанғысыз. Барлық мектептер үшін тағайындалған орфографиялық тәртіпті барлық оқытушылар дұрыс сақтайды дегуге болмайды. Мұндай кемшілік, әсіресе, математика, физика, химия пәндері оқытушыларынан жиі кездеседі.

Политехникалық оқу жөнінде де мектептердің жұмысында зор кемшіліктер бар. Бірқатар оқытушыларымыз жастарға политехникалық білім беру ісінде айтарлықтай тәжірибеге ие болып отырса да, жалпы алғанда бұл жұмыс қанағаттанғысыз жүргізіліп келеді. Мұның басты себебі — облыстық, қалалық, аудандық оқу бөлімдерінің қызметкерлері политехникалық оқу ісінде алдыңғы қатарлы мектептер мен оқытушылардың тәжірибесін зерттеп, оны басқалардың игілігіне айналдырумен жете шұғылданбайды.

СОКП Орталық Комитеті сентябрь Пленумының «Ауыл шаруашылығын оған әрі өркендету шаралары туралы» қаулысында мектептердің, әсіресе, село мектептерінің алдына жаңа міндеттер қойылды.

Мектеп және оқытушы өндірісінен, колхоз, МТС және совхоз өмірімен күнбе-күн тығыз байланыс жасап отыруға тиіс. Осы байланыс арқылы оқушыларымыздың егін және мал шаруашылығы, ауыл шаруашылығындағы бай техника саласында өздерінің білімін жетілдіріп отыруына, олардың практикалық жұмысқа жақсы дайындалуына көмектеседі.

Мектептердің ауылшаруашылық өндірісімен, ал, оқытушылардың ауыл шаруашылығы мамандарымен және озаттарымен тығыз байланыс жасап отыруы мектептер жанындағы оқу-тәрбие учасқтарында жұмысты дұрыс ұйымдастыруға көмектесетіндігі сөзсіз. Мәселен, Булаев ауданындағы Чистов, Ленин ауданындағы Покровка және Преснов, Соколов ауданындағы Дубровное мектептері және облыстық жас натуралистер станциясы осы арқылы үстіміздегі жылы өздерінің тәжірибе учасқтарында мол өнім өсіру жөнінде айтарлықтай табысқа

лекторийлері зор роль атқаруға тиіс.

Оқушылар арасында тәртіпті жақсартпайынша және олардың оқуға жауапкершілігін арттырмайынша оқу-тәрбие жұмысын жақсарту мүмкін емес. Олай болса, бұл істе мектеп комсомол және пионер ұйымдарының оқытушылар коллективіне көмектесіп отырулары қажет.

Оқу жылының алғашқы жартысы аяқталуға санаулы ғана күндер қалды дедік. Алғашқы жартыжылдықта жүргізілген жұмыстардың қорытындысын шығаруға және мектептердің алдына қойылып отырған міндеттерді орындауға бағытталған нақтылы шаралар белгілеу үшін осы жылғы январьдың 4-нен 8-не дейін барлық аудандарда және қалада оқытушылардың дәстүрлі январь кеңесі өткізіледі. Оқу жылының екінші жартысында оқу-тәрбие жұмысын жақсартуда оқытушылардың январь кеңесі зор роль атқаруға тиіс. Кеңеске қатысушылар мектептердің өміріндегі негізгі мәселелерді талқылап, өзара тәжірибе ауысу арқылы жасөспірімдерді оқыту және тәрбиелеу ісін негізінен жақсартуды қамтамасыз етуге бағытталған нақтылы шаралар белгілейді.

Кластар және пәндер бойынша секциялардың, мектеп басшылары секцияларының жұмысы үшін бір күн бөлінеді. Секциялардың кеңестерінде әрбір пән бойынша оқушылардың оқуды үлгеруін көтерудің жайы мен шараларына, үстіміздегі оқу жылының программаға енгізілген өзгерістерді есепке ала отырып, екінші жартыжылдыққа оқу жұмысын жоспарлауды ұйымдастыру мәселесіне жете назар аударуға тиіс.

Физика, математика, химия, биология, география, сызу және сурет салу пәндері оқытушыларының секцияларында да политехникалық оқуды жүзеге асыру, теорияны социалистік құрылыстағы практикамен ұштастыру туралы мәселелер қаралуға тиіс.

Сол сияқты, жас оқытушылармен де жеке кеңестер өткізілмек.

Январь кеңесінің күн тәртібіне енгізіліп отырған мәселелердің мектептердің жұмысы үшін зор маңызы бар. Оларды талқылауға белсене қатысу мектептер мен халық ағарту орындарының жұмысында болып келген кемшіліктерді тереңірек ашып, оларды жою жолдарын белгілеуге, сөйтіп, оқу-тәрбие жұмысының сапасын мейлінше жақсартуға көмектеседі.

Оқытушылардың январь кеңесіне партия комитеттері мен Совет атқомдерінің қызметкерлері, мамандар және өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығының алдыңғы қатарлылары белсене қатысулары, өздерінің білімі және тәжірибесімен мектептердің алдына қойылып отырған міндеттерді дұрыс және ойдағыдай шешуде мектептерге тиісті көмек көрсетулері керек.

Январь кеңесінің табысты болуы, ең алдымен, оған әзірлікке байланысты.



Жаңа пәтер үйлер

Үкметіміз бен партиямыздың күнбе-күнгі қамқорлығының арқасында барлық совет адамдары сияқты, біздің қала еңбекшілерінің де әл-ауқат күйі жақсарып, мәдени дәрежесі арта түсуде. Қалада көп адамдар соңғы жылдар ішінде жеке меншігіне үй салып, көптеген жұмысшылар мен қызметшілер кәсіпорындары тарапынан салынған әуліл үйлерге орналасуда.

Қалада жаңа салынған тұрғын үйлердің саны барған сайын көбейе түсуде. Мәселен, Моторная көшесінің бойында 12 пәтерлік жаңадан салынған 16 үй, Ернараров көшесіндегі үш этажды үй жуырда ғана пайдалануға берілді. Бұл үйлер су проводы, канализациямен жабдықталған.

Қала құрылысшылары үстіміздегі жылы 20-дан астам жаңа үйлерді және екі жұмысшылар клубын салып, пайдалануға берді. Соның нәтижесінде үстіміздегі жылы 9 мың шаршыметрден ас-

там жерде құрылыс жұмыстары жүргізілді.

Теміржолшылар тұратын поселкеде де көптеген теміржолшылар жаңа пәтер үйлерге орналасты. Мұнда 16 пәтерлік үй мен екі этажды жатақхана салынып, пайдалануға берілді. Ал, № 1 және № 2 кірпіш заводтарының жұмысшылары 10 жаңа үйге орналасты. Сталин көшесі бойындағы салынып жатқан жаңа үйлердің құрылыс жұмыстары толық аяқталды.

Жыл аяғына дейін Қызылту, Ленин, Сталин және Октябрь көшелеріндегі екі этажды тұрғын үйлердің құрылысы аяқталуға тиіс.

Жуырда Ернараров көшесінде төрт этажды үйдің фундаменті салынып, Заводская және Моторная көшелерінде екі-үш этажды үйлерді салу жұмыстары қолға алынды. Болашақта бұл үйлердің бірінші этаждарына магазиндер орналастырылады.

Практик-механиктер бөлімі ашылды

ССР Одағы Министрлер Советі мен СОКП Орталық Комитетінің «Машина-трактор станцияларының жұмысын жақсарту шаралары туралы» қаулысында үстіміздегі жылдан бастап ауыл шаруашылығын механикаландыру техникумдарында МТС-тердің практик-механиктерінің мамандықтарын арттыру үшін екіжылдық бөлімдер ұйымдастыру қарастырылған.

Петропавлдағы ауыл шаруашылығын механикаландыру техникумында осы қаулыға сәйкес практик-механиктер оқытын бөлім жұмыс істей бастады. Оқуға түсетіндердің ішінде Қостанай

облысы, Аманкелді МТС-нің аға механигі Казанов, Қарағанды облысы, Ростовск машина-трактор станциясының аға механигі Севостьянов, осы облыстағы Пришахта МТС-нің бас инженері Войцехович, участоктік механик Янко вее, Ақмола облысы, Михайловка МТС-нің бас механигі Карнаухов тағы басқалары бар.

Республикамыздың солтүстік облыстарынан келген 30 практик-механиктер техникумның оқу программасын толық өтеді, сөйтіп, орта білім алып шығатын болады.

Х. РАХМАТУЛЛИН.

БЕЛЬГИЯ КОМІР ӨНЕРКӘСІБІ ӨНДІРІСІНІҢ ҚЫСҚАРТЫЛУЫ

БРЮССЕЛЬ, 17 декабрь. (СОТА). Баспасөздердің хабарына қарағанда, «Коккериль» қоғамының (Бельгияның темір қоғамы) дирекциясы 15 декабрьде Боринаж бассейніндегі 7 шахтаны жапқысы келетіндігін жариялаған.

«Коккериль» қоғамының жарияланған мазмұндамасында бұл шешім еуропалық көмір және болат бірлестігінің (Шуман жоспары) жалпы рыногінде көмірдің өтпейтіндігінен деп түсіндірілген, осының нәтижесінде көмірдің мол қоры жыйналып қалған. Бұл шахталарда 5 мыңнан артық еңбекші жұмыс істейді. Шахталар жабылатын болса, олар жұмыссыз қалмақ.

БЕЛЬГИЯ ШАХТЕРЛЕРІНІҢ ЕРЕУІЛІ

БРЮССЕЛЬ, 18 декабрь. (СОТА). «Коккериль» компаниясының «өнім өткізудің қиыншылығынан» Боринаж көмір бассейніндегі жеті шахтаны жабу туралы қарары Бельгия шахтерлерінің зор ашығуын туғызды.

Бұл қарарға наразылық ретінде, 17 декабрьде Боринаж шахтерлері ереуілге бастады. «Дерьер Эр» газеті ереуілге 7 мың шахтердің қатысып отырғандығын хабарлайды. «Коккериль» компаниясының барлық шахталарында жұмыс тоқталған.

«Драпо руж» газеті былай деп жазады: жұмыстан шығарылатындықтары жөнінде ескертілген Эскуффьё шахталарының ереуіл жасаған жұмысшылары мен қызметшілері шахтаның алдына пикеттер қойған, көпшілік демонстрациясын ұйымдастырған. Вандағы (Эно провинциясы) № 10 шахтаның ереуілшілері «Біз нан және жұмыс талап етеміз» деген жазуы бар плакат ілген.

Ереуілшілер өздерінің митингілері мен жыйналыстарында компанияның шахталарды жабу туралы қарарын өзгертуді, шахтерлердің еңбек жағдайын жақсартуды және Бельгия шахталарының жабылуына себепші болып отырған «Шуман жоспарын» қабылдамауды талап етуде.

Парламент депутаттары — коммунистер мен социалистер өздерінің «Коккериль» компаниясының шахталарды жабу қарары туралы сұрақтарының тез арада талқылануын талап етті.

ФРАНЦУЗ РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІН САЙЛАУ

ПАРИЖ, 18 декабрь. (СОТА). Бүгін Версальда Ұлттық жыйналыс пен республика советінің бірінкен мәжілісінде Француз республикасының президентін сайлауға дауыс берудің үшінші туры болды. Үш кандидатура дауысқа түскен: Нежлен (социалист), Ланьель («тәуелсіз республикашыл») және Дельбос (радикал). Дауыс берудің үшінші туры алдында Жорж Видо өзінің кандидатурасын алып тастаған.

Дауыс беруге 931 сайлаушы қатысты; 922 бюллетень дұрыс деп танылды; сөйтіп, басым көпшілік 462 дауыс бола-

оқуды үлгере алмайтындар қатарына қосылады. Ал, кейбіреулері оқуды мүлде тастап кетеді.

Облыс мектептерінде оқу сапасының әлі де төмен болып отырғанын мына фактілерден көруге болады. Оқу жылының бірінші тоқсанының қорытындысында 63 мың оқушыдан 1500 оқушының оқуды үлгермегендігі анықталды. Қаладағы Киров атындағы № 2 және Петропавл станциясындағы № 44 орта мектептерде әрбір үш оқушыдан екі оқушы оқуды үлгермейді. Ал, V-VII және VIII кластар оқушыларының оқуды үлгеруі бұдан да төмен.

Оқуды нашар үлгеріп жүрген оқушылардың 60-80 проценті, әсіресе, орыс тілі пәні нең үлгере алмайтындығы байқалып отыр. Мұның басты себептерінің бірі — көптеген мектептерде орыс тілінен сабақ беру барысында тіл туралы сталиндік ілімнің теориялық ережелері жеткілікті жүзеге

Сентябрь Пленумының қаулысын жүзеге асыра отырып, әрбір мектеп жанында оқу-тәжірибе участогі болуы, оның жұмысы СОКП Орталық Комитеті сентябрь Пленумының ауыл шаруашылығы алдына қойған талапқа сай ұйымдастырылуы қажет.

Мектептерде оқу-тәрбие жұмысының қанағаттанғысыз болуы мектеп пен семья арасындағы байланыстың жеткіліксіз екендігін дәлелдейді. Көптеген ата-аналар мектепке оқта-текте ғана барады, балаларды оқытып, тәрбиелеуде мектептерге күнбе-күн көмектесіп отырмайды. Ал, мұндай мектептердің мұғалімдері ата-аналарға баланы семьяда қалай тәрбиелеу керек екендігін үйрету мәселесімен жете шұғылданбайды. Семья мен мектеп арасындағы байланысты күшейтуде бйылғы жылы орта және ірі жетіжылдық мектептер жанынан ашылған ата-аналар

бөлімдері мен мектеп басшылары кеңеске әзірлікті дереу қызу өрістетіп, баяндамашыларды дайындауға көмектесулері, кеңеске барлық оқытушылардың түгел қатысуын қамтамасыз етулері және оларға кеңес кезінде қажетті тұрмыстық-материалдық жағдай жасаулары қажет.

Оқытушылардың январь кеңесінің жұмысына партия комитеттері мен Совет атқару комитеттерінің қызметкерлері белсене қатысып, мектептердің алдына қойылып отырған міндеттерді дұрыс және ойдағыдай шешуде мұғалімдерге көмектесулері тиіс.

Партия комитеттері мен Совет атқару комитеттері оқытушылардың январь кеңестеріне дайындалуда және өткізуде болып келген кемшіліктерді жойып, оқу-тәрбие жұмысының сапасын жақсартуда халық ағарту орындары мен мектептерге нақтылы көрсетулері керек.

Мектеп кітапханасы

Қаладағы М. И. Калинин атындағы орта мектептің кітапханасы жуырда орыс классиктерінің шығармаларымен және совет ақын-жазушыларының кітаптарын толықтырылды. Қазір кітапханада 5 мың данаға жуық кітап бар. Кітапхана орталық, республикалық және облыстық газеттерді де үзбей алдырып тұрады.

Мектеп кітапханасында 500 кітап оқушы бар. Бұлардың көпшілігі орта мектептің оқушылары. Олар өздері оқыған кітаптар бойынша оқушылар конференциясын өткізіп тұрады. Жуырда мектептің X класс оқушылары «Улы Горький» деген тақырыпта кітап оқушылар конференциясын өткізді.

Газет, журналдарға көп жазылуда

Николаевка байланыс бөлімі (Пресноз ауданы) еңбекшілерді 1954 жылға газет, журналдарға жазуда елеулі табыстарға жетіп отыр. Мұнда одақтық, республикалық және облыстық газеттердің тағайындалған лимиті толық меңгерілді. Село жұртшылығы, әсіресе, облыстық «Ленин туы» және «Ленинское знамя» газеттеріне көп жазылды.

Газет, журналдарға жазылу Николаевка орта мектебінде де ұйымшылдықпен өтті. Газетке жазылуда, әсіресе, оқытушылар Бүркітов, Құсайынов, Төшібаев жолдастар белсенділік көрсетті.

И. СМАҒУЛОВ.

Газет оқушылардың сұрақтарына жауап

Коломбо жоспары—Оңтүстік-Шығыс Азия елдерін кіріптарлыққа ұшыратудың құралы

Жуырда Делиде Коломбо жоспары жөніндегі Халықаралық консультациялық комитеттің сессиясы аяқталды, бұл сессия оған қатысушы басты-басты елдер арасындағы елеулі қайшылықтар жағдайында өтті. Сессияға 16 елдің, соның ішінде Англияның, АҚШ-тың, Индияның, Пакистанның, Нейлонның және басқа елдердің өкілдері қатысты. Империалистердің бұл жоспары Оңтүстік-Шығыс Азия елдерін экономикалық және саяси жағынан кіріптарлыққа ұшырату құралы ретінде ойлан тапқан сессияның қорытындысы тағыда дәлелден берді.

Жұртқа мәлім, ағылшын үкметі әзірлеген бұл жоспар 1950 жылы Коломбода (Цейлон аралы) Англияның, Канаданың, Австралияның, Индияның және Британия империясына кіретін кейбір басқа елдердің сыртқы істер министрлерінің кеңесінде қабылданған болатын. Бұл жоспар алты жыл бойы —1951 жылғы 1 июльден 1957 жылғы 1 июньге дейін —Оңтүстік-Шығыс Азия елдерін «экономикалық жағынан өркендетуге» 1.860 миллион фунт стерлинг қаржы бөлуді көздейді. Ағылшын империалистері Коломбо жоспарын Британия империясының елдері арасындағы қарым-қатынаста болып отыр-мыс дейтін «достық» белгілерінің бірі ретінде мақтауда. Ал, іс жүзінде бұл —Оңтүстік-Шығыс Азияның халықтарына «көмектесу» деген сылтаумен, оларды тонау әрекетін күшейтуді көздейтін ағылшын монополияларының жоспары. Мемлекеттік байланыстарды және Британия империясындағы өзінің үстемдік жағдайын пайдаланып, ағылшын империалистері Коломбо жоспарына өзінің одақтастары ретінде Австрия мен Канаданың финансистерін қатыстырды.

Англияның шектен асқан соғыс шы-

ғындары және оның АҚШ-қа жалпы тәуелді болып отырғандығы Коломбо жоспарын жүзеге асыруға американың капиталының да қатысуына келісуге ағылшын үкметін мәжбүр етті. Бірақ, бұл АҚШ-қа жасалған әншейін ғана жеңілдік емес. Англия мұнда Американың Солтүстік-Шығыс Азия елдеріне экономикалық жағынан өтуін Коломбо жоспарының арнасымен бағыттауға, оның көлемін тежеп, американың капиталдарының әрекетін бақылап отыруға үміттенді. Бұл үміттер, әрине, АҚШ үшін құныя болмай қалды. Коломбо жоспарына байланысты Оңтүстік-Шығыс Азиядағы ағылшын-американ бақастығы шиеленісе түсті.

Коломбо жоспарының шын мақсаты Оңтүстік-Шығыс Азия елдерін «экономикалық жағынан өркендеткенде», бұл елдердің империалистік мемлекеттерге тәуелділігін күшейтуге, бұл елдердің стратегиялық қорларын қанаушылықты ұлғайтуға, олардың географиялық жағдайын империалистердің агрессивтік жоспарларына сәйкес пайдалануға жеткізетіндей етіп «өркендетуді» көздейді.

Коломбо жоспарында көзделген күрделі қаржы орналастыру және қаржыландыру қорларын табу бағыттарын қарайтын болсақ, бұл жоспардың халыққа қарсы сыйпаты мейлінше көрінеді. Ауыл шаруашылығына, транспорт пен энергетикаға жұмсалатын күрделі қаржы Коломбо жоспары бойынша болжанған барлық қаржының 72 проценті болып отырса, ал, өнеркәсіпке оның тек 10 проценті ғана арналып отыр. Бұл жоспардың Оңтүстік-Шығыс Азия елдерінің бұдан былай да империалистік мемлекеттердің аграрлы-шикізат шылауы ретінде қалуын көздейтіні мүлде айқын. Империалистік монополиялар Оңтүстік-Шығыс Азия елдерінен қауқуқты.

шайды, копраны, мақтаны, джутты және басқа ауылшаруашылық дақылдарын мейлінше көп алуға үміттенуде.

Коломбо жоспары Оңтүстік-Шығыс Азия елдерінің өздерінде металлургия мен күрделі жабдықтар өндірісін өркендетуді көздемейді. Бұл елдер, жоспар бойынша, империалистік мемлекеттерден әкелінетін күрделі жабдықтар мен өнеркәсіп товарларының импортына тәуелді болып отыра беруге тиіс.

Шетелдердің күрделі қаржысы Коломбо жоспарында көзделген барлық күрделі қаржының 58 процентін алып отыр. Жоспарға қатысы бар документтерде берілген түсініктерден мынау айқын көрінеді: Оңтүстік-Шығыс Азия елдерінің ішкі қорларының үлесіне келетін күрделі қаржының 42 проценті халық бұқарасын қанауды күшейту, жаңа салықтар енгізіп, көзіргі салықтарды арттыру, ұзақ мерзімді және көтеріңкі процентті заемдар шығару жолымен қаржы жыйнау және сондай әдістер арқылы қамтамасыз етілуге тиіс. Сонымен, Коломбо жоспары шетелдік монополистік капиталдардың ықпалын күшейтуді ғана көздемейді, сонымен бірге, Оңтүстік-Шығыс Азия елдерінің ұлттық капиталы мен бүкіл экономикасының осыларға тәуелділігін күшейтуді де көздейді. Осының бәрі бұлтаруға болмайтын ақыйқат фактіні: Коломбо жоспарына қатысушы елдердің өзара қатынастары «достыққа» негізделмей, қайта экономикалық жағынан артта қалған елдердің Англия мен АҚШ-қа тәуелді болып отырғанына негізделген дәлелдейді. Индияның «Свадхината» газеті Халықаралық консультациялық комитет сессиясының барысын түсіндіре келіп, былай деп жазған болатын: «... Коломбо жоспары Оңтүстік-Шығыс Азия елдерінде отарлық системаны сақтауды

және бұл елдерді империалистердің қанауын көздейді». Оңтүстік-Шығыс Азия елдерінің барлық прогресшіл ұйымдары мен патриоттары Коломбо жоспарына қарсы шығуда.

Ал, Коломбо жоспарының нақты қорытындылары қандай?

Халықаралық консультациялық комитеттің сессиясында қабылданған қорытынды мазмұндамада былай делінген: Англияның, АҚШ-тың, Халықаралық банктің, Австралияның, Канаданың және Жаңа Зеландияның Коломбо жоспары бойынша 1950 жылдың аяғынан бері берген қарыздары мен заемдары 360 миллион фунт стерлинг болды. Бұл соманың дәуір белегі Англияның дүниежүзілік екінші соғыс кезінде Индияға, Пакистанға және Оңтүстік-Шығыс Азияның кейбір басқа елдеріне бересі болған борыштарын өтеу есебіне төлеген жарналары болып табылады. Бұған қарағанда, Англияның өз борыштарын төлеу мерзімдерін өз дегенінше белгілеп қана қоймай, сонымен бірге, осы борыштар бойынша төленген соманы пайдалану тәртібін де белгілейтін айқын көрінеді. Ал, Англияның Коломбо жоспары бойынша жұмсаған өз қаржысын алатын болсақ, оның сомасы мүлде мардымсыз. Мысалы, 1951—1952 жылы осы шығындар, Ұлттар бірлестігінің істері жөніндегі ағылшын министрінің орынбасары Джон Фостердің хабары бойынша, тек 24 мың фунт стерлинг болған.

Ағылшын доминиондары —Канаданың, Австралияның және Жаңа Зеландияның Коломбо жоспары бойынша беріп отырған заемдары, мөлшері жағынан да, сондай-ақ өзінің заттай салмағы жағынан да, Оңтүстік-Шығыс Азия елдері өте мұқтаж болып отырған көмекті ешбір дәрежеде қанағаттандырып бере алмайды. Мысалы, Канада Коломбо жоспары бойынша бидай, (Индияға, Пакистанға), транспорт құралдарын (Индияға), балық аулайтын кемелер (Цейлонға) беру жолымен 76,2 миллион доллар (27 миллион фунт стерлинг) заем берген. Австралия мен Жаңа Зеландия сияқты, Канада «көмек көрсету» деген сылтаумен Оңтүстік-Шығыс Азия ел-

деріне өзінің көптен сақталып, өтпей жатқан товарларын өкізуде.

АҚШ-ты алатын болсақ, олардың Коломбо жоспары бойынша, сондай-ақ Трумэн жоспарының 4-пункті бойынша беретін «көмегінің» ең алдымен соғыс стратегиялық астарлары бар. Оңтүстік-Шығыс Азияның прогресшіл жұртшылығы американың империалистерінің осы тіміскілеу әрекеттеріне қарсы шығуда. Халықаралық консультациялық комитеттің өткен сессиясының қорытындысын «Нейшл геральд» газеті түсіндіре келіп: «егер олардың ұсына алатын көмегі саяси шарттармен байланыстырылатын болса, онда Коломбо жоспарының таяудағы уақытта пайдасыз жоспарға айналып, құрып кетуі ықтимал», —деп мәлімдеді.

Бұл сессияның ерекше сыйпаты сол, мұнда империалистер Оңтүстік-Шығыс Азия елдеріне жаңадан өрескел қысым жасады. Сессияда Англия үкметінің атынан өкіл болған ағылшын казначействосының экономикалық секретары Реджинальд Мэдлинг Делиде болған баспасөз конференциясында былай деп мәлімдеді: «Егер сіздер өз елдеріңізге шетел капиталының жұмсалуды көздейтін болсаңыздар, сіздер қабылдауға болатындай дәуірдің ішінде осы капиталды национализациялаудың ешқандай хауші болмайды, деп айқын мәлімдеуге тиістісіздер». Мэдлингтің бұл талабы Оңтүстік-Шығыс Азия елдерінде шетелдік капиталды национализациялауды жақтап шығушы прогресшіл қоғам ұйымдарына қарсы жазалау әрекеттерін күшейтуді көздейді.

Индияның «Свадхината» газеті сессияда қабылданған баяндамада айтылған ұсыныстарды түсіндіре келіп, былай деп жазды: «Коломбо жоспары жөніндегі Халықаралық консультациялық комитеттің Делиде болған сессиясының отарлық қанаушылықты күшейту және салық төлеушілерге жүктелетін ауырталықты арттыру туралы қарар қабылдағанында ешқандай күмән жоқ».

А. ПРОНИН.

Ланьель 358, Нежлен 313, Дельбос 225 дауыс алды. Кандидаттардың бірде-бірі бұл жолы да қажетті басым көпшілік дауысқа ие бола алмады. Москва уақытымен 22 сағат 30 минутта дауыс берудің төртінші туры басталады.

22 АМЕРИКАН СОҒЫС ТҮТҚЫНЫНЫҢ ӨЗ ЕЛІНЕ ҚАЙТУДАН БАСТARTУЫ ЖӨНІНДЕ

НЬЮ-ИОРК, 17 декабрь. (СОТА). Газеттердің хабары бойынша, АҚШ-қа еліне қайтуды тілемеген 22 американың солдатты оларды өз еліне қайтуға сендіруге тырысқан АҚШ өкілдерінің түсініктерін тыңдаудан бастартқан.

Лондон радиосының хабарына қарағанда, соғыс тұтқындарын өз елдеріне қайтару жөніндегі бейтарап комиссияның председателі Тимайя 22 американың соғыс тұтқынына және 1 ағылшын соғыс тұтқынына түсінік әңгімелеріне қатынасуды ұсынып, өзі сөз салған. Бірақ, соғыс тұтқындары бізге өз елімізге қайтудан бастартатын себептерімізді шексіз уақыт ішінде баяндауымызға рұқсат берген жағдайда ғана ол әңгімелерге қатынасамыз деп мәлімдеген.

Редактор **Ғ. МҰХАМЕДЖАНОВ.**

Киноларда

«УДАРНИК» КИНОТЕАТРЫНДА

«ЖАС ЖҮРЕКПЕН»

Сеанстар сағат 6,30-8,10-10-да басталады.

«ОКТЯБРЬ» КИНОТЕАТРЫНДА

«КАПИТАН ГРАНТТЫҢ БАЛАЛАРЫ»

Сеанстар сағат 4-6-8-10-да басталады.

Петропавл қаласындағы 3-участоктік халық соты, осы жылғы 22 декабрьде, күндізгі сағат 12-де Дорофей Кравченконың меншігіндегі жұмысшылар поселкесіндегі Нанфилов көшесі, № 41 үй сатылағындығын хабарлайды.

Бұл жөнінде 3-участоктік халық сотының сот орындаушысынан келіп түсінік алуға болады.

Петропавлдың нан комбинатына түпкілікті жұмысқа бас механиктің міндетін атқару үшін инженер-механик немесе техник-механик, инженер-технолог және техник-технологтар, бас бухгалтер, тәжірибелі кондитершілер және мастерлер, тәжірибелі машинистка **КЕРЕК.**

Адрес: Петропавл қаласы, Петренев көшесі, № 61 үй. Кадр бөлімі.

РЕДАКЦИЈАНЫҢ АДРЕСІ:

Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй. ТЕЛЕФОНДАР: редактор 1-86, редактордың орынбасары — 1-59, секретариат — 1-33, партия бөлімі — 0-22, ауылшаруашылық және өнеркәсіп-транспорт бөлімдері — 2-36, тілшілер бөлімі — 3-39, корректорлар бюросы — 4-39. Газет баспасы — 5-53, газет табыс етілмесе — 1-19 телефон арқылы сөйлесуге болады.